

Мұсабаева Ақнұр
11 «Н» сынып оқушысы
Қызылорда қаласы химия-биология бағыттағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі

Жасанды интеллектіні дамыту дәуіріндегі зияткерлік меншіктің рөлі

Қарқынды дамып келе жатқан технологиялық дәуірде жасанды интеллект технологиясы цифрлық эволюцияның тың қадамы екені айдан анық. Жаһандану дәуірінің саналық серпілісінің жемісі ЖИ бүгінгі таңда шексіз мүмкіндіктер мен жаңа өнертабыстардың кілті ретінде өте маңызды орынға ие болуда. Адамзат жыл сайын өмір сапасын жақсартып, тұрмыс-тіршілікті жеңілдету үшін инновациялық технологиялар ойлап табуда. Осы саладағы жетістіктердің бірі 20 ғасырдың ортасында пайда болған «Жасанды интеллект» атты зияткерлік жүйе, яғни адамның зияткерлік мүмкіндіктерін жасанды түрде дамытатын технология. Әлемде осы бір ақылды жүйе арқылы жасалған өнертабыстар саны шаш етекпен, алайда олардың зияткерлік меншікке қол жеткізе алмауы көкейтесті мәселе болып отыр. Иә, жасанды интеллект экономика, экология, ғылым салаларына зор пайдасын тигізуде, дегенмен «ЖИ арқылы жасалған өнімнің авторлық құқық иесі кім болуы керек?» деген сұрақ өнімнің авторлық құқығы заңды түрде қорғалмауының басты себебі болып отыр. Зияткерлік меншік дегеніміз - кез келген авторлық өнімді заңмен қорғау құралы.

Инновациялық технология мен жасанды интеллектінің дәуірінде алпауыт елдер де өнертабыстарға зияткерлік меншік алу мәселесін шеше алмай келе жатқаны туралы ақпараттар жетерлік. Әрине, жасанды интеллект кең қолданыстағы ақыл-ойдың жаңа биігі және ол барлық дамыған және дамушы мемлекеттерде қолжетімді. Жасанды интеллект өнімдері кең ауқымды қолданысқа ену үшін арнайы лицензия мен зияткерлік меншік болуы өте маңызды. Шығармашылық өнертабыстарға, жобалық

жұмыстарға авторлық құқықтар мен патенттер арқылы зияткерлік меншік құқығы беріледі. Мәселен, бүгінгі таңдағы жасанды интеллектімен жасалған өнер туындылары, бағдарламалық қамтамасыз ету және ғылыми жаңалықтар дәстүрлі авторлық құқық немесе патенттік заңдарға толық сәйкес келмеуі мүмкін. Бұлар тек елдің қажеттілігі мен мүддесіне сәйкес дайындалған еңбектерге берілуі тиіс. Зерттеулерге сүйенсек, бұл мәселе әлем бойынша әлі күнге дейін өз шешімін таппағанын көреміз. Жасанды интеллект технологиялық өнімдерді дайындауда тиімді, алайда адамның ақыл-ойының шексіз мүмкіндігінен туатын өнертабыстарды дайындау арқылы ғана өркениетті елдер қатарынан көріне аламыз.

Ақылды технология адамзат өмірін жеңілдеткенімен, жайлы, тыныш өмірге әбден «бауыр басқан» жастардың жалқаулығы да артуда. Мәселен, сіздің танысыңыз ЖИ көмегімен дайындалған өнер туындыларына авторлық құқық алып жатса, тіпті таңқалуға болмайды. Бүгінде ЖИ-дің қырсырын меңгерген жастар жеңіл жолмен табыс табу мақсатында арнау өлеңдер шығару, жекелеген есімдерге арнап ән жазу, фото суреттер т.б қызметтерді дайындауды кәсіпке айналдыруда. Әлеуметтік желілердегі «кез келген ғылыми жобаны 2-3 күнде дайындап береміз» деген жарнамалардан көз сүрінеді. Кез-келген ғылыми зерттеу процесі кемінде 1 жыл жүретінін ескерсек, жарнамадағы жобалардың қандай жолмен дайындалып жатқаны айтпаса да түсінікті. ЖИ-дің мүмкіндігін пайдамыздан гөрі, зиянды нәрсеге жұмсап, сан соғып қалмаймыз ба?! Жақында бар қазақтың жүрегінің төрінен орын алған Ғафу Қайырбековтың сөзіне жазылған Ш. Қалдаяқовтың «Ана туралы жыр» атты әнінің туу тарихымен танысқанда көзіме еріксіз жас келді. Аналарынан айрылған қос алыптың шексіз махаббаты мен өкінішінен туған әнді айту да, тыңдау да қандай әсерлі?! «Жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді» деген осы болар?! Кезінде Абай атамыз да «Құлақтан кіріп, бойды алар, әсем ән мен тәтті күй» деп әнге қойылатын талапты екі ауыз сөзбен беріп кеткенін ескерсек, бүгін тыңдарманы ғана бар, ертеңі бұлыңғыр әндермен қайда бармақпыз?! Қазір осы құралдың көмегімен

жарық көріп жатқан ,тек қайталаулардан тұратын әндер көп, тыңдауға жеңіл болғанымен, есте сақталмайды. Өкінішке орай, ЖИ адам секілді шынайы сезімді бере алмайды.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде ЖИ-дің көмегімен білім алуды жеңілдету,оқуды оңтайландыру үшін арнайы іс-шаралар ұйымдастырылуда. Назарбаев Зияткерлік мектебінің ғылымға ден қойған шәкірті ретінде мен де жасанды интеллектінің қызметін ғылыми жобаның өнімі ретінде жаңа өнертабыс түрін жасау барысында қолдандым. Ата-бабадан қалған асыл мұрамыз ертегі кейіпкерлерінің образын заманауи келбетте жаңартып, өскелең ұрпақтың ой-қиялын дамыту үшін олардың қызығушылығын оятатын ерекше контенттер дайындау керек деп шештім. Мысалы,ғылыми жобада «Myth time» арқылы Ер Төстік, Жезтырнақ, Алдар көсе сынды кейіпкерлердің жаңа заманауи бейнелерін жасауда ЖИ-ді қолдану өте тиімді болды.Қазақ ертегілерінің мазмұнын сақтап,ал кейіпкерлерінің образын жаңаша сомдау мақсатында жасалған бұл жұмыс өте сәтті шықты. Зерттеу нәтижесінен рухани құндылық ауыз әдебиетінен басталатынын бәріміз білеміз,сондықтан кейіпкерлердің бейнесін, сөздерін, эмоциясын сұранысқа сай ұсыну арқылы ғана жас ұрпақтың ертегіге қызығушылығын оятуға болатынын түсіндім. Мысалы, шетелдік «Бэтмен», «Өрмекші адам», «Тор» сынды қаһармандарды ұлтына қарамастан әлем балалары түгел таниды. Мұның басты сыры олардың қаһарман ретінде киіммен, дауыспен, әрекетімен жүректерінен орын ала білуінде. Бізге де ЖИ-дың көмегімен қазақ ертегілері мен батырлар жырының кейіпкерлерін әлемге танытуға болады. Расында, түрлі эффектiмен дайындалған дүниені көрген әлдеқайда тартымды. Бұл - заман талабы. Ертегі оқымақ түгілі, бүгінгі жасөспірімдер кітаптың бетін ашуды қойды, менің ғылыми жобамның да басты мақсаты осы мәселені шешуге тамшыдай болса да үлес қосу болатын. ЖИ арқылы дайындалған қосымшада «Ақ пен қара» деп аталатын ертегіні дыбыстадым.Бұл қысқа уақыт ішінде ертегі кейіпкерлерінің даусын әсерлі етіп жеткізуде таптырмас мүмкіндік болды.

Сондай-ақ «Ер Төстік», «Жезтырнақ», «Алдар көсе», «Қаңбақ шал» секілді кейіпкерлердің тәрбиелік мәні зор әрекеттерінен қызықты, креативті, жас ерекшелігіне сай образдарды дайындадым. ЖИ анимациялық мультикті заманауи-эстетикалық талғамға сай дайындауда зор септігін тигізді. Нәтижесінде, ғылыми жобаға арнап құрылған сайт және мобильдік қосымша дайын болды. Ғылыми зерттеу жұмысы болғандықтан, адамның ақыл-ойын, білімі мен біліктілігін қажет ететін жобаның теориялық және практикалық бөлімін жазуда ұзақ әрі тиынақты жұмыс жасауға тура келді. Болашақта басқа мамандық иесі болсам да, осы бағыттағы жұмысты жалғастырып, анимациялық мультфильмдер сериясын қазақ және ағылшын тілінде дайындайтын отандық бренд өнім дайындағым келеді. Бұл менің – сүйікті ісім және болашақ ұрпақ алдындағы ұлы міндетім деп санаймын.

Енді басты мәселе туралы сөз қозғасақ, «Adilet.zan.kz» сайтындағы, Халықаралық тәжірибеге шолудың 3-бөліміндегі жасанды интеллект саласындағы құқықтық қатынастарды реттеу, 5-тарауында: ЕО-ға мүше елдер өздері үшін жасанды интеллектті реттеудің жалпы саясатын "Жасанды интеллект туралы" заңды әзірлеуде жалпы этикалық қағидаттарды ескере отырып айқындаған. ЕО-ның жасанды интеллект саласындағы нормативтік құжатты реттеуі ЖИ өнімдерін құқықтық қорғауға, зияткерлік меншік мәселелерін шешуге, ЖИ-дің адамның ойлау қабілетіне әсерін шектеуге, жасанды интеллекттің заңды, қауіпсіз және сенімді қосымшаларының бірыңғай нарығын дамытуға бағытталған. Бұл зияткерлік меншік мәселесін шешудегі басты қадам болып табылады. Мені осы құжаттағы этикалық қағидаттар деген тіркес қатты ойландырды. Өткен ғасырдың соңында ғалымдардың жасанды интеллектіге ойлау шексіздігін сыйлау идеясы арқылы дайын модель ретінде адам миының құрылымы тандалып, "нейрондық желі" құрылды. «Жасанды интеллект» тіркесінің мағынасы адамның санасын жасанды жолмен жасау идеясын бергендіктен, ол адам сияқты еркін ойлау қабілетіне ие болуы мүмкін. Ал Илон Масктің айтуынша, жасанды интеллектінің дамуын адамзат

бақылауда ұстау керек дейді. Яғни, этикалық қағидаттар қатаң сақталу керек, себебі қауіп жоғары.

Ал Қытайдағы ғалымдар қауымдастығы дайындаған "Жасанды интеллект туралы" заң жобасында мынадай аспектілер: жасанды интеллектті қолдау, әзірлеушілер мен жеткізушілердің жасанды интеллект өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттері, жасанды интеллект пен азаматтық жауапкершілікті басқару тетіктері бар. Осы орайда этикалық қауіпсіздік тұрғысынан қарағанда ЖИ адамның орнын басу үшін емес, керісінше толықтырып, технологиялық даму қарқынын арттырушы екені айқындалған және шынайы, әділ ақпарат беруін қадағалайды. Бұл елде құқықтық ЖИ қолданылатын өнімдердің қолданыстағы заңнамаға және нормативтік актілерге, оның ішінде деректер мен адам құқықтарын қорғау саласындағы заңдарға сәйкестігін қамтамасыз етеді. Мұндай шараларды ендіру экономиканың нақты салаларында қоғамға пайда әкелетін ЖИ-ді қолдана отырып, сенімді әрі қауіпсіз өнім жасауға ықпал етеді.

Президентіміз Астана қаласында өткен "Digital Bridge-2023" халықаралық технологиялық форумында елімізде жасанды интеллектті дамытып, Ақш, Қытай елдерімен қатар даму үшін түрлі шаралар қолданудың аса маңызды екенін айтып өтті. Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында ЖИ-ді дамыту үшін қажетті шаралардың бір бөлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысымен бекітілген. Атап айтқанда, 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы бар. Онда сценарийлерді модельдеу мен шешім қабылдауда жасанды интеллект құралдарын пайдалану мүмкіндігі үшін өзекті онлайн-деректердің агрегациясын көздейтін "Электрондық үкімет" платформасының моделін ендіру бойынша, сенімді деректердің, киберқауіпсіздік саласын дамыту

ережелерінің және т.б. негізінде болжауға және шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беретін Smart Data Ukimet базасында ұлттық жасанды интеллект жүйесін құру бойынша шаралар қамтылғаны айтылған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 27 сәуірдегі № 342 қаулысымен Жасанды интеллект және инновацияларды дамыту комитеті құрылды. Оның негізгі міндеттеріне мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, сондай-ақ жасанды интеллектті дамыту үшін біршама ісшаралар жоспарланғандығы мені қуантты. Яғни, мемлекетіміз жасанды интеллектті дамыту мен зияткерлік меншік мәселесін шешуде қарқынды жұмыс істеуде. Мысалы, банктерге хабарлассаңыз, сізге міндетті түрде ЖИ-дің өнімі Аида мен Руслан жауап береді.

ЖИ-дің мемлекетімізге экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан үлкен пайда дамуы әкелетіні анық. «Adilet.zan.kz» сайтындағы Axellect компаниясының зерттеуіне сүйенсек, жасанды интеллект арқылы жерасты резервуарларының дәл және егжей-тегжейлі 3D модельдерін құру, мұнай мен газ қорларын анағұрлым дәл бағалау, барлауға жұмсалатын уақыт пен шығынды қысқарту, ұңғымаларды бұрғылауды оңтайландыру, геоақпараттық жүйелер бойынша нәтижелерді түсіндіруге көмектесу бұрғылау шығындарын 10 %-ға төмендетеді, ал мұнай өндіруді 5 %-ға арттырады. Түрлі электронды тапсырыстарды жасанды интеллект базасына жинау осы процестердің тиімділігін арттырады. Сондай-ақ денсаулық сақтау мен халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуде – жыл сайынғы ықтимал әсері ЖІӨ-ні 146 млрд теңгеге өсіре алады, ал дұрыс диагноздар санын 43%-ға арттырады. Бұл дегеніміз- мемлекеттің технологиялық тұрғыда қарқынды дамып, көптеген қаражат пен инвестицияның цифрлық даму саласына жұмсалатынының көрсеткіші. Міне, ақылды зияттың құдіретін ел болашағы үшін қолданудың оңтайлы шешімі осындай болуы керек. Осындай мақсаттарда дайындалған жасанды интеллекттіге ғана зияткерлік меншік берілгені әділ шешім болмақ.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, жасанды интеллекттің даму дәуірінде зияткерлік меншік құқықтарын қорғау өте маңызды. Жасанды интеллект көмегімен дайындалған технологиялар адамзаттың шығармашылық және өнертапқыштық қабілеттерін айтарлықтай кеңейтіп, жаңа туындылар мен өнертабыстарды жасауға мүмкіндік береді, алайда бұл жетістіктерді заңды түрде қорғау қажет. ЖИ арқылы жасалған өнімдерге қатысты құқықтық базаны нақтылау, зияткерлік меншік жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Қазақстан сияқты дамушы елдер үшін жасанды интеллект және зияткерлік меншік саласындағы заңнамаларды жетілдіру болашақта инновацияларды дамыту мен экономиканы алға жылжытуда шешуші рөл атқарары сөзсіз. Сондықтан зияткерлік меншік саласындағы халықаралық тәжірибеге сүйеніп, Қазақстанның жасанды интеллектіге қатысты құқықтық жүйесін жетілдіру- маңызды қадам. «Өркениетті ел болам десең, жақсыдан үйрен де, зияткерлік меншікті қорғайтын заңды күшейт» деп, эссемді аяқтағым келеді.